**Экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі 2021 жылдың соңына дейінгі кешенді жоспарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 307 қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2021 № 250 қаулысымен.

Елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі 2021 жылдың соңына дейінгі кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2021 № 250 қаулысымен.

2. Кешенді жоспарды орындауға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы Кешенді жоспардың орындалуын бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 20 мамырдағы
№ 307 қаулысымен
бекітілген

**Экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі 2021 жылдың соңына дейінгі кешенді жоспар**

Ескерту. Жоспардың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2021 № 250 қаулысымен.

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.04.2021 № 250; 11.06.2021 № 400 қаулыларымен.

| Р/с № | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Инвестиция тарту** | | | | |
| 1. | Бірыңғай кредитор ретінде екінші деңгейдегі бірнеше банк қатысатын және қарыз алушының кредиттік тәуекелі бойынша бірлесіп жауапты болатын синдикатталған кредит тетіктерін дамыту | Үкіметке ұсыныстар | 2020 жылғы желтоқсан | ҚНРДА (келісу бойынша), ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) |
| 2. | Мемлекеттік мүлік туралы нормативтік құқықтық актілерге жекешелендіру процесінің мемлекет үшін тиімділігін арттыру бөлігінде өзгерістер енгізу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині |
| 3. | Стратегиялық жобалар үшін инвестициялық заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу | Үкіметке ұсыныстар | 2020 жылғы желтоқсан | СІМ, ҰЭМ |
| 4. | Елдік инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | СІМ, ҰЭМ, СИМ |
| 5. | Басымдығы және тұтастай экономикаға әлеуетті әсері негізінде әрбір инвесторға нақты қолдау шараларын әзірлей отырып, ірі инвестициялық жобалар үшін жеке іске асыру жоспарларын қалыптастыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | СІМ, ҰЭМ, ИИДМ, АШМ, ЭМ, СИМ |
| 6. | Бәсекелес ортаға беруге жататын мемлекеттік меншік және квазимемлекеттік сектор объектілерінің тізбесін кеңейту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қазан | ҰЭМ, Қаржымині |
| 7. | Тікелей инвестицияларды тарту және қор нарығын дамыту үшін АХҚО әлеуетін пайдалануды жандандыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы шілде, желтоқсан | Қаржымині, ҰЭМ, АХҚО (келісу бойынша), ИИДМ, АШМ, СІМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | АҚ (келісу бойынша) |
| 8. | Қазақстандық кәсіпкерлердің АХҚО-ның ағылшын құқығын және арбитражын пайдалануға қол жеткізуін қамтамасыз ету | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | АХҚО (келісу бойынша), ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), СІМ, ИИДМ, АШМ, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "Kazakh Export" ЭСК" АҚ (келісу бойынша) |
| 9. | Ұлттық компанияларға тиесілі жекелеген құрылымдарды шетелдік юрисдикциялардан АХҚО-ға кезең-кезеңмен ауыстыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы шілде, желтоқсан | АХҚО (келісу бойынша), ҰЭМ, ИИДМ, АШМ, АҚДМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша) |
| 10. | АХҚО-ның инвестициялық салықтық резиденттігі бағдарламасын ілгерілетуді күшейту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Қаржымині, ҰЭМ, СІМ, АХҚО (келісу бойынша) |
| | | | | Қаржымині, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11. | АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі жаңа стратегиясын бекіту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қыркүйек | ҰБ (келісу бойынша), ҰЭМ, АХҚО (келісу бойынша) |
| 12. | Неғұрлым маңызды жобалар үшін ннженерлік инфрақұрылым жүргізуге инвестордың шығындарын өтеу тетігін енгізу мүмкіндігін қарау | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | 2020 жылғы желтоқсан | СІМ, Қаржымині, ҰЭМ, ИИДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| **2. Нақты сектор** | | | | |
| **2.1 Агроөнеркәсіп кешені** | | | | |
| 13. | "Аграрлық қолхаттар туралы" Заң жобасын қарастыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | АШМ, СИМ, ҰЭМ, Әділетмині, Қаржымині |
| 14. | Өнімді кепілді сатып алу практикасын енгізу:<br>- "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ҰК " АҚ оператор ретінде сатып алатын қызметтердің түрлерін кеңейту;<br>- екінші деңгейдегі банктерді пруденциялық реттеу шеңберінде тұрақты кепіл ретінде өнімді кепілді сатып алу шарттарын тану | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы маусым<br>2020 жылғы қазан | АШМ, ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша) |
| 15. | Жеке сараптамадан өтетін қуаты 1500 шартты мал басына дейінгі мал шаруашылығы объектілерін салу кезінде міндетті мемлекеттік сараптамадан өткізуді алып тастау бөлігінде ЖСҚ сараптамадан өткізу рәсімдерін жеңілдету | Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | 2020 жылғы маусым | ИИДМ, ҰЭМ, АШМ |
| 16. | Қайта өңдеу кәсіпорындарын жүктеу мақсатында нормативтік құқықтық актілерге қайта өңдеуге тапсырылған май тұқымдарын субсидиялау мүмкіндігін көздейтін толықтырулар енгізу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қыркүйек | АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| 17. | ӘМАТ-қа белгіленген рұқсат етілген және шекті бағаларды әкімшілендіру талаптары мен рәсімдерін қайта қарау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы тамыз | СИМ, АШМ, ҰЭМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| | | | | АШМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), Қаржымині, ҰЭМ, СИМ, " |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18. | Бірнеше өңірде аграрлық өнімді үнемі сатып алуды және өткізуді, оқыту мен агроқұзыреттілікті арттыру жүйесін ретке келтіре отырып, ауылда кооперациялық тізбекті дамыту бойынша "алқаптан сөреге дейін" пилоттық жобасын іске қосу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы тамыз | ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "ҰАҒБО" КеАҚ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| 19. | "Даму "КДҚ" АҚ кепілдік беру құралдарын пайдалана отырып, "ҚазАгро "ҰБХ" АҚ желісі бойынша жылдық 6% мөлшерлеме бойынша ауыл шаруашылығы өндірушілеріне жеңілдікті микрокредит беру тетігін әзірлеу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы маусым | АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| 20. | Оффтейк-келісім шарттар құралын енгізу және қаржылық жағдайы ТЖ енгізу нәтижесінде нашарлаған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ кредиттері бойынша берешекті қайта құрылымдау жолымен агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру тетіктерін кеңейту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы маусым | АШМ, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) |
| 21. | Егіс алқаптарын кеңейту және түсімділік пен жалпы жинауды ұлғайту<br>*Дақылдар бойынша: майлы дақылдар – 122,2 мың га, қарақұмық – 30,9 мың га, жемшөптік дақылдар – 308,6 мың га, көкөніс-бақша дақылдары – 11,5 мың га.* | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | АШМ, облыс әкімдері, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) |
| 22. | ҚХР кеден органдарының қазақстандық кәсіпорындарды шошқа етін экспорттау бойынша импорттаушылар тізіліміне енгізу туралы шешім қабылдауын жеделдетуге жәрдемдесу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы шілде | АШМ, СИМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), Қаржымині |
| | Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін жиынтықтаушы бұйымдар мен қосалқы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23. | бөлшектерге кедендік баждарды 2020 жылдың соңына дейін нөлге теңестіру мәселесін ЕАЭО-мен пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы шілде | АШМ, СИМ, ҰЭМ |
| 24. | 2020 жылдың соңына дейін ауыл шаруашылығы қайта өңдеу саласы үшін бірқатар шикізат тауарларына (кондитерлік, шырын өндірушілер және басқалар) кедендік баждарды нөлге теңестіру мәселесін ЕАЭО-мен пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | АШМ, СИМ, ҰЭМ |
| 24-1. | ҚХР кеден органдарының ҚХР-ға салқындатылған ет пен ішек-бауырды импорттаушылар тізіліміне қазақстандық кәсіпорындарды қосу туралы шешім қабылдауын тездетуге жәрдемдесу | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы маусым | АШМ (жинақтау ), СИМ, СІМ |
| 24-2. | Тарифтік квоталар көлемінің 50 %-ын етті қайта өңдеуші кәсіпорындардың пайдасына бөлу мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы желтоқсан | СИМ (жинақтау), АШМ, ИИДМ, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 24-3. | Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына 2 жылға дейін бюджеттік кредиттеуді ұсыну | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы мамыр | АШМ (жинақтау ), Қаржымині |
| 24-4. | Азық-түлік қауіпсіздігін арттыру және азық-түлік тауарларын тұтынуда импорт үлесін 2021 жылы 16 %-ға дейін азайту бойынша шаралар қабылдау | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы маусым, 2021 жылғы желтоқсан | АШМ (жинақтау ), ҰЭМ, СИМ, " Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) , " Самұрық-Қазына " ҰӘҚ" АҚ ( келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ АҚ (келісу бойынша) |
| 24-5. | Жұмыс істеп тұрған қант өндірістерін жаңғырту | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы тамыз | АШМ (жинақтау ), ИИДМ |
| **Отын-энергетика кешені** | | | | |
| 25. | Ағымдағы жылғы мамыр-маусымда мұнай өндіруді жоспарлы 10,9 млн. тоннадан 9,6 млн. тоннаға дейін 1,3 млн. тоннаға қысқарта отырып, ірі және орта кәсіпорындар бойынша жоспарлы көрсеткіштерді қайта қарау *("Көмірсутектерін барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы учаскелерін пайдалануға уақытша шектеулерді енгізу туралы" ҚР Үкіметі қаулысының жобасы)* | Үкімет қаулысы | 2020 жылғы мамыр | ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині |
| 26. | Шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларының негізінде осындай жер қойнауын пайдаланушылар жұмыс орындарын , әлеуметтік міндеттемелерді, бюджетке төлемдерді және басқаларын сақтаған жағдайда шикі газды кәдеге жарату | Үкіметке ақпарат | | ЭМ, ЭГТРМ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | инфрақұрылымының болмауына байланысты мұнайдың қосымша көлемін өндіруге шектеуі бар жер қойнауын пайдаланушылар үшін алауларда шикі газды жағуға 2020-2021 жылдарға рұқсат беру | | 2020 жылғы желтоқсан | |
| 27. | Бизнеске жүктемені төмендету және рұқсат беру құжаттарын алуды жеделдету мақсатында талаптарды оңтайландыру тұрғысынан көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарын қайта қарау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ЭМ, ҰЭМ |
| 28. | Босаған қаражатты еңбекақы төлеуге жіберу шартымен жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік-инвестициялық жобаларды және ҒЗТКЖ-ны іске асыруға арналған аударымдарын 2020 жылдың соңына дейін тоқтату | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы шілде | МЭ |
| 29. | Заңнамада бекітілген тәртіпке сәйкес рентабельділігі төмен кен орындары үшін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемелерін төмендету тәртібін қолдануға өтініштерді қарауды жеделдету | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ҰЭМ, Қаржымині, ЭМ, ИИДМ |
| 30. | 2020 жылғы 1 шілдеден бастап тауарлық газдың шекті көтерме бағасын жыл сайын өсірмей *(15%-тен артық емес),* ағымдағы деңгейде тежеу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы мамыр | ЭМ, ҰЭМ, СИМ |
| **2.3 Өңдеу өнеркәсібі** | | | | |
| 31. | Серпінді өңдеуші кәсіпорындарға, оның ішінде өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері шеңберінде жиналатын қаражат есебінен 3%-тен аспайтын мөлшерлememен қолжетімді кредит беруді қамтамасыз етуге бағытталған Өнеркәсіпті дамыту қорын құру | Үкімет қаулысы | 2020 жылғы шілде | ИИДМ, Қаржымині, ҰЭМ, ЦДИАӨМ, ЭГТРМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) |
| 32. | Мемлекеттік сатып алуда, квазимемлекеттік сектор мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарымен оффтейк келісімшарттар жасасу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қыркүйек | ИИДМ, Қаржымині, ЭМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша) |
| 33. | Ұлттық даму институттарының сенімділік өлшемдеріне жауап беретін компаниялармен ( мемлекеттік компаниялар, ірі жер қойнауын пайдаланушылар, ТҰК және т.б.) жасалатын ұзақ мерзімді шарттарды/оффтейк келісім шарттарды "тұрақты кепіл" ретінде қабылдау мүмкіндігін пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қыркүйек | ИИДМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) |
| | 2020 жылға арналған ИИДМБ-да көзделген қаражат шеңберінде жоғары бөліністі өнім | Сауда және интеграция | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34. | өндірушілер үшін экспорт кезінде көлік шығындарын 80%-ке дейін өтеуді ұлғайту | министрнің бұйрығы | 2020 жылғы желтоқсан | СИМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ |
| 35. | Экспорттық кредит беру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қыркүйек | СИМ, ИИДМ, АШМ, "Бәйтерек " ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) , "KazakhExport" ЭСК" АҚ (келісу бойынша) |
| 36. | Инфрақұрылымдық бағдарламалар бойынша шоғырланудың ағымдағы деңгейін 40%-тен 60 -70%-ке дейін арттыруды қамтамасыз ету, оның ішінде бизнесті қолдау және дамыту бағдарламаларына қатысатын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы тиісті шарттарды орындайтын кәсіпкерлер үшін тиісті міндеттемелерді енгізу есебінен | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қыркүйек | ИИДМ, " Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) , облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| 37. | Ішкі өндірісті ынталандыру қажеттігін ескере отырып, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу кезінде инвестициялық субсидиялау тетігін жетілдіру | Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы | 2020 жылғы маусым | АШМ, ИИДМ |
| 38. | Өңдеу өнеркәсібінде ұзақ мерзімді жобаларды іске асыру үшін "Қазақстанның даму банкі" АҚ қосымша капиталдандыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы маусым | "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) , Қаржымині, ИИДМ, "ҚДБ" АҚ (келісу бойынша) |
| 39. | Шағын және орта бизнес субъектілеріне жеңілдікті кредит беру бағдарламасы шеңберінде қосымша шаралар қарастыру:<br>- қызметін өңдеуші өнеркәсіптің жекелеген салаларында жүзеге асыратын ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға 200 млрд. теңгеден аспайтын сомада лимит енгізу;<br>- лимит таусылған және ШОБ субъектілері тарапынан қосымша қажеттілік болған жағдайда Бағдарлама шеңберінде ШОБ субъектілерін қаржыландыру көлемі кеңейтілуі мүмкін | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы маусым | ҰБ (келісу бойынша) , ҰЭМ, Қаржымині, ҚНРДА (келісу бойынша) |
| 40. | Лимиттерді белгілей отырып және қарсы міндеттемелерді енгізе отырып, өңдеу өнеркәсібінің ірі субъектілерін "Бизнестің жол картасы-2025" бағдарламасына енгізу мүмкіндігін қарау | Үкімет қаулысы | 2020 жылғы шілде | ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, ИИДМ, " Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) , "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 41. | Лизингтік қаржыландыру (құю өндірісі, автомобиль шиналарын, автокөлік құралдарын жасау, көлік құралдары үшін металл жинақтаушыларды шығару) арқылы экспорттық әлеуеті бар өңдеу өнеркәсібінде өндірістерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) , "ҚДБ-Лизинг" АҚ (келісу бойынша) |
| 41-1. | Үшінші елдерден цементтің жекелеген түрлерін әкелуге 6 ай мерзімге тыйым салуды енгізу | Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | 2021 жылғы мамыр | ИИДМ (жинақтау), СИМ, Қаржымині, ҰЭМ |
| 41-2. | Дәрілік препараттар өндірісіне арналған фармацевтикалық субстанциялар мен ингредиенттер үшін кедендік әкелу баждарын нөлге түсіру жөнінде ұсыныстар дайындау | СИМ-ге ұсыныстар | 2021 жылғы желтоқсан | ИИДМ (жинақтау), ДСМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 41-3. | Жеңіл өнеркәсіптің дайын өнімдерін өндіруге арналған шикізат пен жиынтықтаушыларға (фурнитура, бояуыштар, маталар, жіптер және басқалары) кедендік әкелу баждарын нөлге түсіру жөнінде ұсыныстар дайындау | СИМ-ге ұсыныстар | 2021 жылғы желтоқсан | ИИДМ (жинақтау), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 41-4. | Кинокөрсетілімдерді жабдықтау үшін кедендік баж мөлшерлемесін нөлге түсіру жөнінде ұсыныстар дайындау | СИМ-ге ұсыныстар | 2021 жылғы желтоқсан | МСМ (жинақтау) , "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 41-5. | Заңнамалық актілерге АЭА қызметін жетілдіру мәселелері бойынша түзетулер енгізу | заңнамалық актілерге түзетулер енгізу | 2021 жылғы желтоқсан | ИИДМ (жинақтау), ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, ЭМ, Әділетмині, Еңбекмині |
| **2.4 Құрылыс** | | | | |
| 42. | "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасына ҚТҮҚЖБ арқылы "5-10-20" пилоттық жобасын енгізу | Үкімет қаулысы | 2020 жылғы шілде | ИИДМ, ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша) , "Бәйтерек" ҰБХ " АҚ (келісу бойынша) |
| 43. | "ҚТҮҚЖБ" АҚ негізінде "Отбасы банк" – толыққанды дамыту және қолдау институтын құру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, ҰЭМ, ҚНРДА (келісу бойынша) , "Бәйтерек" ҰБХ " АҚ (келісу бойынша) |
| 44. | Халықтың өзі жинақтаған зейнетақы қаражатының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануы тетігін әзірлеу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы 15 маусымға дейін | Еңбекмині, ҚНРДА (келісу бойынша) , |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ҰБ (келісу бойынша), ИИДМ, ҰЭМ |
| 45. | АБІ-ға енгізілген сенімді жеткізушілер үшін тұрғын үй және инфрақұрылымдық объектілер салуға арналған сақтандыру полисі түрінде өтінімді қамтамасыз ету, шарттың орындалуын және авансты қамтамасыз ету баламасын енгізу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, Қаржымині |
| 46. | Құрылыс саласын және ТКШ-ты цифрландыру бойынша кешенді шаралар қабылдау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, ЦДИАӨМ, АШМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| 47. | ТЖ-ға байланысты ауруханалар мен басқа да объектілерді жедел жобалау және салу үшін арнайы нормаларды әзірлеу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, ДСМ, ІІМ |
| 48. | Өнімді жұмыспен қамтудың және іскерлік белсенділіктің өзге де нысандары үшін, оның ішінде шағын бизнеске кредит беру үшін 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасын қаржыландыруға көзделген қаражаттың бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі бойынша ұсыныстар енгізу | Үкіметке ұсыныстар | 2020 жылғы мамыр | Еңбекмині, ҰЭМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| 49. | Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде отандық құрылыс материалдарын жобалау және құрылыс кезінде пайдаланбағаны үшін жауапкершілікті күшейту бөлігінде ӘҚтК-ге өзгерістер енгізу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, ЭМ |
| 50. | Отандық құрылыс материалдары бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ҰЭМ, ИИДМ, СИМ |
| 51. | Мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша міндеттемелер (ҚМЖ, ЖІЖ, сараптама) жыл соңына дейін толық орындалған жағдайда оларды орындау мерзімін автоматты түрде және өзге жағдайларда сот тәртібімен ұзарту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| **3. Сервистік экономика** | | | | |
| **3.1 Көлік** | | | | |
| 52. | Халықаралық автомобиль тасымалдары операторларын 2020 жылдың соңына дейінгі кезеңге 3-тен 7 жылға дейінгі тартқыштар | Үкіметке ақпарат | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | үшін кәдеге жарату алымы мен бастапқы тіркеу үшін алымнан босату | | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, ЭГТРМ, Қаржымині, ҰЭМ |
| 53. | Шет елдердің рұқсат бланкілерін беретін ақпараттық жүйелерімен интеграциялап, тасымалдаушыларға рұқсат бланкілерін беру процесін автоматтандыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ |
| 54. | Хабарлама берілген сәттен бастап 48 сағаттан астам тоқтап тұрған жүктерді сақтау үшін 10 еселенген алым мөлшерін<br>6 айға тоқтату | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ |
| 55. | Коронавирустық инфекцияның салдарынан тасымалдардың шектелуіне байланысты қаржыландыру жоспарында көзделген шекте нақты шығыстарды негізге ала отырып, теміржол тасымалдаушыларын субсидиялау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ |
| 56. | "Достық-Ақтоғай-Мойынты теміржол көлігі дәлізін жаңғыртудың I іске қосу кешені" жобасын іске асыру мерзімін 2023 жылдан 2021 жылға ауыстыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, Қаржымині |
| 57. | Транзиттік тасымалдар үшін әкімшілік кедергілерді азайту. Контейнерлік транзиттік пойыздарды кедендік жете тексеруді тоқтату. Импорт жағдайында межелі станцияда жете тексеруді жүзеге асыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Қаржымині, ИИДМ |
| 58. | 2020 жылы отандық өндірушіден жолаушылар вагондарын сатып алуға "ҚТЖ" ҰК" АҚ-ға 20 млрд. теңге сомасында қосымша жеңілдікпен берілетін қарыз бөлу мәселесін қарастыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Қаржымині, ИИДМ |
| 59. | 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болатын танкерлердің кемеге кіруі бойынша көрсетілетін қызметтер тарифтерін шекті деңгейлерінің қолданылу мерзімін 2021 жылдың соңына дейін ұзарту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | ИИДМ, ҰЭМ |
| 60. | "ҚТЖ" ҰК" АҚ үшін ҚҚС төлеу мерзімі бойынша 2020 жылдың 2, 3-тоқсандары үшін 2021 жылдың 25 ақпанына дейін өсімпұл есептемей және кепілдік ұсынбай мерзімін ұзарту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Қаржымині, ҰЭМ |
| 60-1. | Шектеу шаралары қолданылған кезеңде тасымалдаушылар кірістерінің төмендеуіне байланысты облысаралық қатынастар бойынша теміржол тасымалдарын субсидиялауға 3,5 млрд теңге мөлшерінде қосымша қаражат бөлу мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы сәуір | Қаржымині (жинақтау), ИИДМ |
| 60-2. | "Достық-Ақтоғай-Мойынты" теміржол көлігі дәлізін жаңғыртудың I іске қосу кешені" жобасын іске асыру мерзімін 2023 жылдан 2021 жылға ауыстыру мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы мамыр | ИИДМ (жинақтау), Қаржымині |
| **3.2 Сауда** | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 61. | Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, сауда базарлары мен қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысына рұқсат беру мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы мамыр | СИМ, ДСМ, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері |
| 62. | Ұлттық тауар өткізу жүйесінің инфрақұрылымын қалыптастыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | СИМ, АШМ, ИИДМ |
| 62-1. | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің төлем жасау мерзімдерін орындалған жұмыстар немесе тауарларды қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап 2 есеге қысқарту | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы маусым | Қаржымині ( жинақтау), СИМ, ИИДМ, ҰЭМ, Еңбекмині |
| 62-2. | Мемлекеттік сатып алуда отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі іс-шаралардың жол картасын әзірлеу | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы сәуір | Қаржымині ( жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 62-3. | Кәсіпкерлік қызмет шеңберінде ұсынылған тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді жүзеге асыру үшін көрсетілетін төлем қызметтерді берушілерге немесе төлем жүйесі операторларына берілетін ұлттық штрихтық кодтар стандартын әзірлеу | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы мамыр | СИМ (жинақтау), ҰБ (келісу бойынша), Қаржымині |
| 62-4. | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын кодтау жөнінде ұсыныс әзірлеу | Үкіметке ұсыныстар | 2021 жылғы тамыз | СИМ (жинақтау), Еңбекмині, Қаржымині |
| **3.3 Туризм** | | | | |
| 63. | Ақысы төленген турларды неғұрлым қолайлы кезеңге ауыстыру мүмкіндігін қарастыра отырып, туристерге қаражатты қайтару тәртібін әзірлеу, сондай-ақ ішкі және сыртқы бағыттарға бұрын сатып алынған авиабилеттер үшін қаражатты қайтару тәртібін айқындау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы маусым | МСМ |
| 64. | Туристік саланың барлық субъектілері үшін карантиннен шығудың нақты алгоритмдерін жасау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы маусым | МСМ, ДСМ |
| 65. | ҚХР мен Үндістан азаматтары үшін 72 сағаттық визасыз транзитті 2020 жылғы 1 қарашадан бастап қайта қалпына келтіру мүмкіндігін қарастыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | СІМ, МСМ, ДСМ, ІІМ, ҰҚК (келісу бойынша) |
| 66. | Карантинге дейінгі кезеңге сәйкес шетел азаматтарының елде болу режимін 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қайта бастау мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ вирустық инфекцияның таралу қатерінің төмендеуін | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ескере отырып, шет елдерден келетін туристердің визасыз транзитінің жаңа тәртібін айқындау | | | СІМ, ІІМ, МСМ, ДСМ, ИИДМ |
| 67. | "Tax free" және "kids go free" тетіктерін енгізу бөлігінде туристік қызметті жетілдіру жөніндегі заң жобасының шеңберінде заңнамалық түзетулер қабылдаудың орындылығын пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | М С М , Қаржымині ҰЭМ |
| **4. ШОБ** | | | | |
| 68. | БЖК-2025-ке микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша жаңа бағыт енгізу<br>*Кредит/микрокредит сомасы – айналым қаражатын 5 млн. теңгеге дейін толықтыруға, инвестициялық мақсаттарға*<br>*20 млн. теңгеге дейін*<br>*Сыйақы мөлшерлемесі – түпкілікті қарыз алушы үшін 6%-тен артық емес*<br>*"Даму" КДҚ" АО кепілдігі – негізгі борыштың 85%-іне дейін*<br>*Қаржыландыру көзі – ЕДБ/ХҚҰ меншікті қаражаты* | Үкімет қаулысы | 2020 жылғы шілде | Ұ Э М , Қаржымині, АШМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, "Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) , "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 69. | БЖК-2025 шеңберінде қаржылық емес қолдау шараларын жетілдіру.<br>*Оқыту мен тестілеудің жаңа нысандарын енгізу (онлайн) және модульдерді қаржылық сауаттылық, бизнесті дағдарысқа қарсы басқару бағдарламаларымен толықтыру* | Үкімет қаулысы | 2020 жылғы шілде | Ұ Э М , Қаржымині, АШМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, "Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) , "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 70. | БЖК-2025 бағдарламасы шеңберінде ШОБ субъектілерінің қарыздарын мақсатты қайта қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы шілде | ҰЭМ, ҚНРДА (келісу бойынша) , ҰБ (келісу бойынша), "Даму " КДҚ" АҚ (келісу бойынша) , "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 71. | "Даму" КДҚ" АҚ кредиттеріне кепілдік беру құралын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы шеңберінде берілетін қарыздарға тарату | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы шілде | ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша) , "Бәйтерек" ҰБХ " АҚ (келісу бойынша) , "Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 72. | Даму институттарының ("Даму" КДҚ" АҚ) өңдеу өнеркәсібі субъектілері үшін негізгі борыштың 85 %-інен аспайтын көлемінде кепілдіктер беруі | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы тамыз | ҰЭМ, ИИДМ, " Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) |
| 73. | Сауда, өңдеу өнеркәсібі, көлік және қоймалау, тұру және тамақтану, ақпарат және байланыс, білім беру және денсаулық сақтау салаларын қоса отырып, банктер мен басқа да қаржы ұйымдарына ұсынылатын кредиттер бойынша төлемдердің мерзімін ұзартатын салалардың тізбесін кеңейту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2020 жылғы маусым | ҚНРДА (келісу бойынша) , ҰЭМ |
| 74. | АСР-де ЖК үшін бухгалтерлік есеп жүргізуді алып тастау және салықтық есепті оңайлату | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Қаржымині, ҰЭМ, ЦДИАӨМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 75. | Банктік шоттарға қол жеткізу және АСР-да кассалық есептеу әдісін қолдану кезінде салық органдарына салық есептілігін алдын ала декларациялауды және ҚҚС бойынша есепке қою шегінің артқаны туралы ескерту міндетін жүктеу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Қаржымині, ҰЭМ |
| 76. | Есепті цифрландыру өлшемшартын енгізу арқылы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қараша | Қаржымині, ҰЭМ, ЦДИАӨМ |
| 77. | Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық туралы" Заңына сәйкес қиындыққа ұшыраған кәсіпорындарды қолдау үшін оңалту рәсімін белсенді жылжыту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Қаржымині, ҰЭМ |
| 78. | Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қатысты банкроттық рәсімін қозғауды тоқтата тұру | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қыркүйек | Қаржымині, ҰЭМ, Жоғарғы сот (келісу бойынша) , |
| 79. | "Бизнеске арналған үкімет" сервисін іске қосу шеңберінде мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің мемлекеттік дерекқорына қол жеткізуді (интеграциялауды) ұсыну | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы маусым | ЦДИАӨМ, Қаржымині, Әділетмині, ҰЭМ, ҰҚК (келісу бойынша) , "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 80. | Тауарлар бойынша ілеспе жүкқұжаттарды енгізу мерзімін 2020 жылғы 1 қазанға дейін ұзарту | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қараша | Қаржымині |
| 81. | Жұмыс істемейтін активтер нарығын, сондай-ақ секьюритилендірудің функционалдық тетігін құру | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | 2020 жылғы қараша | ҚНРДА (келісу бойынша) , ҰБ (келісу бойынша) |
| | | | | Қаржымині, ҰЭМ, ҚНРДА |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 82. | "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-дағы мүлікті экономикалық айналымға тарту жоспарын әзірлеу | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы қараша | (келісу бойынша) , ҰБ (келісу бойынша) |
| 83. | Факторинг және лизингтік қаржыландыру нысанында кәсіпорындарға кредит берудің баламалы нысандарын дамыту | Үкіметке ұсыныстар | 2020 жылғы желтоқсан | ҚНРДА (келісу бойынша) , ҰЭМ, " Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша) |
| 84. | Төтенше жағдай режимін енгізуден аса зардап шеккен экономика секторлары үшін аталған режимді енгізуді нормативтік құқықтық актімен форс-мажорлық мән-жай деп тану | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы шілде | Әділетмині, ҰЭМ, Қаржымині, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-1. | Өтінімдерді қабылдау мерзімін 2021 жылғы 1 шілдеге дейін ұзарта отырып, экономиканың зиян шеккен салаларындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық қызмет түрлерінің тізбесін кеңейту мәселесін пысықтау | Үкімет қаулысы | 2021 жылғы сәуір | ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, Әділетмині, ҚНРДА (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша), "Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) |
| 84-2. | Мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың меншігіндегі жылжымайтын мүлік объектілері бойынша шағын және орта бизнес субъектілері үшін жалдау төлемдерін 2021 жылғы 30 маусымға дейін тоқтата тұру және есептемеу | Ұлттық экономика министрінің бұйрығы | 2021 жылғы сәуір | ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар, " Самұрық-Қазына " ҰӘҚ" АҚ ( келісу бойынша), ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар ( келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері |
| | | | | Қаржымині ( жинақтау), Әділетмині, " |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 84-3. | Отандық тауар өндірушілерді мөлшері аз ( 1000 АЕК-ке дейін) мемлекеттік сатып алулар бойынша қолдау тетігін енгізу | заңнамалық актілерге түзетулер енгізу | 2021 жылғы желтоқсан | Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-4. | Мемлекеттік сатып алу шеңберінде жұмыс тәжірибесін верификациялау мерзімін кешенді объектілер бойынша жұмысты есепке алуды жүргізумен 10 жұмыс күніне дейін қысқарту | Қаржы министрінің бұйрығы | 2021 жылғы мамыр | Қаржымині ( жинақтау), Әділетмині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-5. | Ұлттық режимнен алу қолданылатын тауарларды мемлекеттік сатып алу мақсатында Индустриялық сертификатты қолдануды сақтау, отандық тауар өндірушілерден сатып алу тұрғысынан бақылауды қамтамасыз ету мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы мамыр | ИИДМ ( жинақтау), Қаржымині, СИМ, ҰЭМ, Әділетмині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-6. | Мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік секторлардың бастамасы бойынша заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің банкроттығы туралы істер қозғауды тоқтата тұру | Үкімет қаулысы | 2021 жылғы сәуір | Қаржымині ( жинақтау), " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-7. | Оңалту және банкроттық саласында өзін-өзі реттейтін ұйымдар санын ұлғайту;<br>салықтық консультанттар және кедендік өкілдер саласында өзін-өзі реттеу институтын құру арқылы өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ету | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы желтоқсан | Қаржымині ( жинақтау), " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-8. | Салық кодексіне Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі бекітетін тізбе бойынша импортталған тауарларға ҚҚС есептеу кезінде құнды белгілеу үшін бақылау бағаларының ең төменгі деңгейі құралын енгізу | заңнамалық актілерге түзетулер енгізу | 2021 жылғы маусым | ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-9. | Мемлекеттік кірістер органдарының кәсіпкерлерге банк операцияларын тоқтату бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы СМС-хабарламалар жіберуін қамтамасыз ету | заңнамалық актілерге түзетулер енгізу | 2021 жылғы маусым | ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-10. | Екінші деңгейдегі банктердің салықтар бойынша қарыздарды толық өтеу кезінде есеп айырысу шоттары бойынша операцияларды мемлекеттік кірістер органдарының растауынсыз жүргізуі | заңнамалық актілерге түзетулер енгізу | 2021 жылғы маусым | ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-11. | Отандық тауар өндірушілерінің квазимемлекеттік сектор мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алулары аясында кепілдендірілген ұзақ мерзімді шарттар жасасуына жәрдемдесу | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы маусым, 2021 жылғы желтоқсан | ИИДМ ( жинақтау), ЭМ, Қаржымині, АШМ, " Самұрық-Қазына " ҰӘҚ АҚ ( келісу бойынша) |
| | | | 2021 жылғы маусым, | ИИДМ ( жинақтау), ЭМ, облыстардың, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 84-12. | ЖАО сатып алуының жалпы көлемінде жергілікті қамту үлесін ұлғайту бойынша шаралар қабылдау | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы желтоқсан | Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері |
| 84-13. | Микроқаржы ұйымдары мен кредиттік серіктестіктерінің кәсіпкерлік субъектілеріне, әсіресе АӨК-де кредит беруге қатысуы есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының шарттарын кеңейту | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы қазан | ҰЭМ (жинақтау), АШМ, Қаржымині, ҚНРДА (келісу бойынша) |
| 84-14. | Off-take келісімшарттарын қолдана отырып, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы қыркүйек | ҰЭМ (жинақтау), ИИДМ, Қаржымині, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) |
| 84-15. | Заңнамалық деңгейде бизнес субъектілерінің әкімшілік жүктемелерін төмендетуге бағытталған реттеушілік саясаттың мынадай жаңа қағидаттарын енгізу:<br>1) реттеушілік "гильотина";<br>2) "1 in 2 out";<br>3) реттеушілік апелляция;<br>4) "бататын күн" қағидаты;<br>5) бақылау-қадағалау саласын реформалау | Заң жобасын Парламентке енгізу | 2021 жылғы 1 маусым | ҰЭМ |
| 84-16. | Жеке микроқаржы ұйымдарына "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде берілетін микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы шілде,<br>2021 желтоқсан | ҰЭМ (жинақтау), "Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) |
| 84-17. | ЕДБ қарыздарын "АШҚҚҚ" АҚ арқылы кепілдендіру шеңберінде басым бағыттарды кеңейту | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы шілде | АШМ (жинақтау), ҰЭМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "Даму" КДҚ" АҚ (келісу бойынша) |
| 84-18. | Инвестицияға салынған капиталға нарықтық кіріс алу және реттеліп көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын төмендетуге ынталандырулар жасау мақсатында тарифтік саясатты жетілдіру және табиғи монополияларды реттеу саласындағы бұдан былайғы тәсілдер бойынша ұсыныстар енгізу | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы қыркүйек | ҰЭМ |
| | | | | ҰЭМ (жинақтау), МСМ, ЦДИАӨМ, Әділетмині, БҒМ, ИИДМ, облыстардың, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 84-19. | Креативті экономика саласындағы ШОБ қолдау бойынша шаралар әзірлеу | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы шілде | Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері |
| 84-20. | Экономиканың зиян шеккен секторларында шағын және орта бизнестің кредиттері бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды ұсыну | ҚНРДА бұйрығы | 2021 жылғы сәуір | ҚНРДА ( жинақтау) ( келісу бойынша), Әділетмині |
| 84-21. | 2021 жылғы 1 сәуірден бастап нормалардың ретроспективті қолданылуын қамтамасыз ете отырып, экономиканың зиян шеккен секторларында шағын және орта бизнестің іскерлік белсенділігін қолдау бойынша түзетулер қабылдау, оның ішінде:<br>жекелеген салықтар мен төлемдерді төлеуге кейінге қалдыруды енгізу;<br>салық және кеден берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу процесін 2021 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтата тұру;<br>электрондық шот-фактураларды және тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды енгізу мерзімдерін 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін ауыстыру | заңнамалық актілерге түзетулер енгізу | 2021 жылғы маусым | ҰЭМ (жинақтау), Қаржымині, ДСМ, ЕХӘҚМ, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| 84-22. | Экономиканың зардап шеккен секторларында шағын және орта бизнес кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды ұзарту бойынша мәселені пысықтау | Үкіметке ақпарат | 2021 жылғы сәуір | ҚНРДА ( жинақтау) ( келісу бойынша), ҰЭМ Қаржымині , Әділетмині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) |
| **5. Макроэкономикалық тұрақтылық** | | | | |
| **6.1 Салық-бюджет саласы** | | | | |
| | Мына мәселелерді қарау:<br>- КТС бойынша аванстық төлемдерден асқаны үшін көзделген әкімшілік айыппұлды қолданбай, ТМК өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары бойынша 2020 жылдың<br>2 және 3-тоқсандары үшін есептелген аванстық төлемдердің 33%-ін төлеу мерзімін 2021 жылғы 10 сәуірге дейін ауыстыру мүмкіндігін беру;<br>- 2020 жылдың соңына дейін ұшақтардың қосалқы бөлшектер импортына және резидент емеске салынатын ҚҚС сомасын төлеуден босату;<br>- әуежайларды жер учаскелерін пайдаланғаны үшін және жер салығы төлемінен 2020 жылдың соңына дейін босату<br>- мемлекеттік емес БАҚ-ты салықтардан және ЕТҚ міндетті төлемдерінен 2020 жылғы 1 қазанға дейін босату | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 85. | - қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық конвенцияларды қолдану үшін резидент еместердің салық агенттеріне және тиісінше, салық агенттерінің салық органдарына 2019 жылғы салық кезеңі үшін берген резиденттік сертификаттарының көшірмесін не электрондық нұсқасын бере отырып, түпнұсқаларын беру мерзімдерін 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін шегеру;<br>- кейіннен түпнұсқасын ұсына отырып, бухгалтерлік және салықтық есепке алу үшін ТЖ кезеңінде қалыптастырылған бастапқы құжаттардың заңды сканерлерін ( көшірмелерін) тану;<br>- автоматты түрде қайтару шегін 80%-ке дейін ұлғайта отырып, ҚҚС қайтару процесін жеңілдету және жеделдету;<br>- автобус жолаушылар тасымалының әлеуметтік маңызы бар бағыттары бойынша ҚҚС төлеуден 3 жылға босату | Үкіметке ақпарат | 2020 жылғы желтоқсан | Ұ Э М , Қаржымині |
